

«Құқық негіздері» пәні бойынша 9 сынып тест тапсырмалары

1.Қазақстан Республикасының

Конституциясында бекітілген ең қымбат құндылықтар болып табылмайды?

- A) адам өмірі
- B) мемлекет мүдделері
- C) адам құқықтары
- D) адам бостандығы
- E) адамның міндеттері

3.Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша қашан күшіне енеді?

- A) оларды Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдағаннан кейін
- B) оларға Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін
- C) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткеннен кейін
- D) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін
- E) оларды Сенат қабылдағаннан кейін

4. Азаматтардың міндеттеріне мыналар жатады:

- A) заңмен белгіленген салықтарды төлеу, мемлекетті басқаруға қатысу
- B) сайлау жүйесіне қатысу
- C) жоғары білім алу
- D) ҚР салықтарды төлеу, ҚР азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау
- E) ҚР-да салық төлеу, мәдени және тарихи ескерткіштерге ұқыпты қарау

5. Өкілді биліктің бір жоғары органы, бір үкімет, бірыңғай заңнама жүйесі жұмыс істейтін мемлекеттік құрылым нысаны – бұл:

- A) унитарлық мемлекет

В) федерация

С) конфедерация

Д) республика

Е) парламенттік республика

6. Құқықтың ерекше белгісін көрсетіңіз:

А) қоғамдық қатынастарды реттеуші

В) қоғамдық пікірге сүйенеді

С) жалпыға міндетті сипатқа ие

Д) саяси партиялардың мүдделерін көрсетеді

Е) мемлекттің мүдделерін көрсетеді

7. Мемлекет ұғымына сәйкес келетін анықтаманы көрсетіңіз:

А) өз билігін сақтау үшін қоғам мәжбүрлеу органдарын құратын бір аумақтағы қоғамның саяси ұйымы

В) саяси еркіндікпен айқындалатын адамдар одағы және тиісті мүдделер мен қажеттіліктермен сипатталатын әлеуметтік топтардың бірлестігі

С) еңбек мүдделерін қорғайтын, осыған байланысты әлеуметтік, экономикалық құқықтарды қорғайтын азаматтар, осы қажеттіліктерді қорғау үшін ерікті бірлестіктер құру

Д) қандас және мүліктік-еңбек қатынастарымен сипатталатын адамдардың бірлестігі

Е) билеуші топтың экономикалық мүдделерін білдіретін саяси билік

8. Мемлекет пен жеке тұлғаның саяси-құқықтық өзара іс-қимылын не анықтайды?

А) кінәлігі

В) құқықтық мәртебесі

- C) заңдылығы
- D) азаматтығы
- E) жауапкершілігі

9. Мемлекеттік билік әдістерін көрсетіңіз:

- A) мәжбүрлеу, сендіру
- B) мәжбүрлеу
- C) құқықтық
- D) сенімдер
- E) құқықтық емес

10. Көрсетілген қағидалардың қайсысы қылмыстық құқықтың арнайы (салалық) қағидасы болып табылады?

- A) заңдылық қағидасы;
- B) әділеттілік қағидасы;
- C) азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидасы;
- D) жариялылық қағидасы;
- E) кінәлі жауаптылық қағидасы.

11. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқық қабілеттілігі қай кезден басталады?

- A) азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып зейнеткерлік жасына жеткен соң тоқтатылады;
- B) азаматтың құқық қабілеттілігі он алты жасқа жеткен кезде басталады;
- C) азаматтың құқық қабілеттілігі он сегіз жасқа жеткен кезде басталады;
- D) азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады;
- E) азаматтың құқық қабілеттілігі он төрт жасқа жеткен кезде басталады.

12. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қашан қабылданды?

- A) 15 мамыр 2007 жылы
- B) 16 шілде 1997 жылы
- C) 23 қараша 2015 жылы
- D) 30 тамыз 1995 жылы
- E) 1 қаңтар 2016 жылы

13. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бойынша еңбек шарты жасалатын жалпы жас қандай?

- A) он сегіз жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі
- B) жиырма жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі
- C) он төрт жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі
- D) он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі
- E) он бес жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі

14. Бір мысалды қоспағанда, мысалдар «Азаматтық құқық» ұғымына жатады. Артық мысалды көрсетіңіз:

- A) заттық қатынастар
- B) авторлық құқық
- C) өсиет
- D) мемлекеттік басқару
- E) меншік құқығы

15. Сенімхат – дегеніміз не?

- A) заңды тұлғаның өз қызметкеріне еңбекақысын төлеу туралы ауызша келісімі.
- B) ортақ мүлікті бөлу туралы жасалған шарт
- C) комитент пен комиссионердің арасындағы жасалған келісім
- D) қарыз берушінің қарыз алушыға берген қолхаты
- E) сенім білдірушінің өз атынан өкілдік ету үшін сенім білдірген адамға берген жазбаша уәкілдігі

16. Жалпы құзыреттегі соттың тағайындалуы:

- A) қылмыстық, азаматтық істерді қарау
- B) экономика және басқару саласында туындайтын дауларды шешу
- C) нормативтік актілердің ҚР Конституциясының талаптарына сәйкестігін тексеру
- D) тек қылмыстық істерді қарау
- E) қылмыстық, әкімшілік, азаматтық істерді қарау

17. Қазақстан Республикасында мәжбүрлі еңбекке қандай жағдайларда жол беріледі?

- A) Қазақстан Республикасы Прокурорының нұсқауы бойынша
- B) сот үкімі бойынша не төтенше немесе соғыс жағдайы кезінде
- C) соғыс уақыты жағдайында
- D) төтенше жағдай кезінде
- E) сот шешімі бойынша

18. Демалыс түрлері:

- A) жыл сайынғы ақы төленетін, қосымша, оқу, әлеуметтік
- B) жыл сайынғы ақы төленбейтін, қосымша, оқу, әлеуметтік

- C) жыл сайынғы ақы төленетін, қосымша оқудан тыс, әлеуметтік
- D) жыл сайынғы ақы төленбейтін, қосымша, оқудан тыс, әлеуметтік
- E) жыл сайынғы ақы төленетін, әлеуметтік

19. ҚР еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың талаптарын орындау мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушіліктер қалай аталады?

- A) еңбек төрелігі
- B) еңбек қатынастары
- C) еңбек шарты
- D) еңбек дауы
- E) еңбек тәртібі

20. Сатып алу-сату шарты бойынша сатушы, сатып алушыға мүлікті беруге міндетті:

- A) уақытша иелік етуге
- B) пайдалануға
- C) меншігіне
- D) уақытша иелік етуге және пайдалануға
- E) тиісті жерге апарып беру үшін

21. Мемлекеттік қызметшілерге кім кірмейді?

- A) әкімшілік аппаратының және басқа да мемлекеттік органдардың техникалық қамтамасыз етілуіне жауап беретін орындаушы тұлға
- B) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілі
- C) мемлекеттік органның атынан ресми мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлға

- D) мемлекеттік органдардың жалдамалы қызметшілері
- E) Премьер-министрге ант берген мемлекеттік қызметші

22. Әкімшілік құқық көбінесе ... қолданады:

- A) рұқсат беру және тыйым салуды
- B) нұсқамалар мен тыйым салуларды
- C) рұқсат беру және нұсқаманы
- D) рұқсатты
- E) көтермелеуді

23. Әлеуметтік қорғау құқығының қайнар көзін көрсетіңіз:

- A) ҚР Азаматтық кодексі
- B) ҚР Жер кодексі
- C) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі
- D) «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы
- E) ҚР Қылмыстық кодексі

24. Қандай жағдайларда тұрғын үйден айыруға жол беріледі?

- A) облыс (қала) әкімінің шешімі бойынша
- B) сот шешімі бойынша
- C) нотариустың шешімі бойынша
- D) облыс (қала) прокурорының өкімі бойынша
- E) тергеушінің айыптау актісі бойынша

25. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің құрамы мен өкілеттілігі қандай?

- A) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден

тұрады, олардың өкілеттігі Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанша созылады;

В) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі бес мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады;

С) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі он жылға созылады;

Д) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі он мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі жеті жылға созылады.

Е) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады.

«Құқықтану негіздері» пәні бойынша тест тапсырмалары
11 - сынып

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қашан қабылданды?

- A) 29 маусым 2020 жыл
- B) 30 тамыз 1995 жыл
- C) 5 шілде 2014 жыл
- D) 3 шілде 2014 жыл
- E) 28 қаңтар 1993 жыл

2. Әкімшілік рәсім дегеніміз:

A) әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша

шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет

B) әкімшілік рәсімді жүзеге асыру барысы мен нәтижелерін және (немесе) сотта жария-құқықтық даудың қаралуын тіркеп-бекітетін материалдар

C) жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және

қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген талап

D) өзара қашық бірнеше абоненттің нақты уақыт режимінде аудио- және бейнеақпарат алмасу мүмкіндігі беріліп, интерактивтік өзара іс-қимыл жасауы

үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланылатын көрсетілетін байланыс қызметі

E) әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының

жолданымын қабылдау жөніндегі әрекеті

3. Әкімшілік рәсімге қатысушылар болып танылады:

- A) жеке тұлға; заңды тұлға
- B) талапкер; жауапкер
- C) жәбірленуші; күдікті
- D) жәбірленуші; айыпталушы
- E) арыз иесі; мүдделі тұлға

4. Криминалистика дегеніміз:

A) бұл мемлекеттік органдардың атқарушы билікті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік органдармен және лауазымды тұлғалармен мемлекеттің жария функцияларын орындау бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы.

B) қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және алдын алу мақсатында дәлелдемелерді табу, жинау, тіркеу, зерттеу, бағалау және пайдалану бойынша

қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген іс-әрекеттерді орындау үшін қолданылатын техникалық құралдар, тактикалық тәсілдер мен әдістер туралы ҒЫЛЫМ

C) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға байланысты қоғамдық қатынастарды

реттейтін құқықтық нормалар жүйесін анықтайтын құқық саласы

D) қылмыстылықты, қылмыскердің жеке басын, қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын, оның алдын-алу жолдары мен құралдарын зерттейтін әлеуметтік-құқықтық ғылым.

E) сот, прокуратура, тергеу және анықтау органдарының қылмыстық істерді қозғау, тергеу және шешу жөніндегі қызметін зерделейтін құқық саласы

5. Қаржы дегеніміз:

- A) азаматтардың ақшалары
- B) айырбас процессіндегі ақшалар
- C) коммерциялық банктердің ақша қаражаттары
- D) жеке меншік шаруашылық субъектілерінің қаражаттары
- E) мемлекеттің ақша қаражаттары қорлары

6. Валюта дегеніміз:

- A) жартылай айналымға түсетін шет елдің ақшасы
- B) тек еркін жүретін ақша бірлігі
- C) қандайда да болмасын мемлекеттің ақша бірлігі
- D) тек шетелдің ақша қаражаттары
- E) тек өзімізге достас елдердің ақша қаражаттары

7. Мемлекеттің қаржылық қызметі деп:

- A) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын айтамыз
- B) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын қалыптастыру және дұрыс пайдалану қызметін айтамыз
- C) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын қалыптастыру және бөлу қызметін айтамыз
- D) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын қалыптастыру, бөлу және дұрыс пайдалану қызметін айтамыз
- E) заңды тұлғалардың меншігіндегі ақша қаражаты

8. Мемлекеттік қаржылардың негізгі мақсаты:

- A) қайта қаржыландыру ставкасын белгілеу
- B) заңдылықты қамтамасыз ету
- C) валюта курсының жоғарылауына жағдай тудыру

D) мемлекеттің өмір сүруін ақшамен қамтамасыз ету

E) төлем балансының сақталуын қамтамасыз ету

9. Қаржы құқығы:

A) өзіндік дербес құқық саласы

B) әкімшілік құқықтың бір институты

C) азаматтық құқықтың бір институты

D) конституциялық құқықтың бір бөлімі

E) бюджеттік құқықтың бір институты

10. Салықтар дегеніміз:

A) салықтар – банкке төленетін қайтарымсыз ақшалай және заттық төлемдер

B) салықтар – мемлекет екі жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір

мөлшерде жүргізілетін, қайтарымды және өтелетін сипатта болатын, бюджетке

төленетін міндетті ақшалай төлемдер

C) салықтар – мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір

мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке

төленетін міндетті ақшалай төлемдер

D) салықтар – мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір

мөлшерде жүргізілетін, қайтарымды және өтелетін сипатта болатын, бюджетке

төленетін міндетті ақшалай төлемдер

E) салықтар – белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, шарт негізіндегі, қайтарымды

ақшалай және заттық төлемдер

11. Экологиялық құқық дегеніміз:

А) экологиялық қатынастарға меншік құқығын алу, оларға билік ету, сату және

заңға сәйкес пайдаланатын құқықтық сала

В) қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларының жиынтығы

С) табиғаттың тек жекелеген объектілерін ғана қорғайтын біртұтас экологиялық құқықтық жүйе

Д) экологиялық құқықпен реттелген қатынастардың үлкен тобын билік пен бағыну қатынасынан тұратын құқық саласы

Е) қоршаған орта мен қоғамдық қатынастарды үйлестіруге бағытталған ерекше

өзіне тән құқық әдістерінің саласы

12. Экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі:

А) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы

В) Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Кодексі

С) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі

Д) Қазақстан Республикасының Конституциясы

Е) халықаралық шарттар

13. Ең жоғарғы бағаны ұсынған тұлға жеңіп шыққан сауда қалай аталады?

А) аукцион

В) тендер

С) узуфрут

D) сервитут

E) кондаминум

14. Авторлық құқықтың объектісіне қайсысы жатпайды?

A) IT бағдарламалары

B) ғылыми шығарма

C) әдеби туындылар

D) ресми құжаттар

E) өнер туындылары

15. Қысқа мерзімді жалдау шартына қайсысы жатады?

A) шаруашылық жалдау

B) прокат

C) қаржылық лизинг

D) концессия

E) факторинг

16. Медиация дегеніміз:

A) тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі

B) тараптардың медиация басталғанға дейін дауды (дау-шарды) шешу мақсатында медиатормен жасасатын жазбаша келісімі

C) тараптардың медиация нәтижесінде өздері қол жеткізген жазбаша келісімі

D) медиаторлар ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құрылатын ұйым

E) кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға

17. Медиацияның мақсаты:

- A) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету
- B) тараптардың дауласушылық деңгейін теңестіру
- C) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру
- D) сотталғандарды түзеу
- E) күдіктінің сазайын тарттыру

18. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қашан қабылданды?

- A) 29 маусым 2020 жыл
- B) 30 тамыз 1995 жыл
- C) 5 шілде 2014 жыл
- D) 3 шілде 2014 жыл
- E) 18 желтоқсан 2000 жыл

19. Құқық қорғау органдарына жатпайды:

- A) прокуратура
- B) ішкі істер органдары
- C) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі
- E) сот

20. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қашан қабылданды?

- A) 29 маусым 2020 жыл
- B) 30 тамыз 1995 жыл
- C) 5 шілде 2014 жыл
- D) 6 қаңтар 2011 жыл

Е) 18 желтоқсан 2000 жыл

21. Аяқталмаған қылмыс сатылары:

А) жарамсыз объектіге оқталу; жарамсыз құралдармен, қарумен оқталу

В) біткен оқталу; бітпеген оқталу

С) қылмысқа дайындалу; қылмысқа оқталу

Д) қылмысқа дайындалу; қылмыс жасауға сөз байласу

Е) қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру; кінә

22. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайға жатады:

А) қажетті қорғаныс

В) айыбын мойындау

С) шын өкіну

Д) жәбірленушімен татуласу

Е) қылмыстық зиянды толық өтеу

23. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қалай бөлінеді?

А) қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар, тәртіптік теріс қылықтар

В) қылмыстық теріс қылықтар, әкімшілік құқық бұзушылықтар

С) қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар

Д) қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар

Е) қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар, әкімшілік құқық бұзушылықтар

24. Адам өлтіру (ҚРҚК 99-бап) қылмысының субъектісі:

А) 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға

В) 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға

С) 18 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға

Д) 14 жасқа толған, кез келген жеке тұлға

Е) 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға және заңды тұлғалар

25. Ұсақ-түйек жымқырудағы (ҚРҚК 187-бап) болмашы мөлшерді атаңыз:

А) ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн

В) ұйымға тиесілі мүліктің бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн

С) ұйымға тиесілі мүліктің үш айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн

Д) ұйымға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн

Е) ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн

K-9-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница № 1

- | | |
|---------|---------|
| 1. B + | 15. E + |
| 3. B + | 16. A - |
| 4. D + | 17. B + |
| 5. A + | 18. E + |
| 6. C + | 19. D + |
| 7. A + | 20. C + |
| 8. C + | 21. D + |
| 9. B + | 22. A + |
| 10. E + | 23. D + |
| 11. D - | 24. B - |
| 12. C - | 25. E + |
| 13. D - | |
| 14. D - | |

24 ұпай

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Деректерді жинау және тарату орталығы
РЕСПУБЛИКАНСКОЕ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ЦЕНТРАЛЬНОЕ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

Қ-9-04

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № _____

- 1. B
- 2. B +
- 3. D +
- 4. A +
- 5. C +
- 6. A +
- 7. B -
- 8. B +
- 9. E +
- 10. D +
- 11. D +
- 12. C +
- 13. D +
- 14. D +
- 15. E +
- 16. A -
- 17. B +
- 18. E +
- 19. D +
- 20. C +
- 21. D +
- 22. A +
- 23. D +
- 24. B +
- 25. E +

23 жас

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық
олимпиаданың I кезеңінің бағалау туралы
ведомость

Пәні: Құқық

Класс: 9

	Шифр, код	Қатысушының жеке сәйкестендіру номері	Балл II тур
1	Қ-09-01	071030052526	24
2	Қ-09-04	080430053348	23

Қазылар алқасының қолы:

С.Г.
А.Г.
Г.К.

С. Габдуллин

А. Габдуллина

Г. Кенжеғалиева

Қ-11-02

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Парақ / Страница № 1

1. A -
2. A +
3. E +
4. B +
5. E +
6. C +
7. D +
8. E +
9. E +
10. C +
11. B +
12. B +
13. A +
14. D +
15. B +
16. A +
17. A +
18. E +
19. C +
20. D +
21. C +
22. D +
23. B, -
24. D +
25. A +

24 ұғым

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Б.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДАРЫН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКАСЫ

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық
олимпиаданың І кезеңінің бағалау туралы
ведомость**

Пәні: Құқық
Класс: 11

	Шифр, код	Қатысушының жеке сәйкестендіру номері	Балл II тур
1	Қ -11-02	060304650841	24

Қазылар алқасының қолы:

Бер С.А.Абдуллин
Бер А.А.Абдуллин
Бер Т.Кенжеталиева

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық